

2009 жылға Ақмола облысының қоршаған ортасына эмиссия үшін төлемақының кейбір түрлеріне жоғары ставкаларды бекіту туралы

Күшін жойған

Ақмола облыстық мәслихатының 2009 жылғы 6 ақпандағы № 4С-12-10 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2009 жылғы 16 наурызда № 3313 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облыстық мәслихатының 2009 жылғы 10 желтоқсандағы № 4С-19-3 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облыстық мәслихатының 2009.12.10 № 4С-19-3 шешімімен

2008 жылғы 10 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық Кодексі) Қазақстан Республикасының Кодексінің 495 бабының 9 тармағына, 2001 жылдағы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы» Қазақстан Республикасының Занының 6 бабының 5 тармағына сәйкес Ақмола облыстық мәслихаты

Ш Е Ш І М

Е Т Т І :

1. 2009 жылға Ақмола облысының қоршаған ортасына эмиссия үшін төлемақының келесі түрлеріне жоғары ставкалар бекітілсін:

1) «Дизель отыны үшін» пайдаланылған отынның 1 тоннасы үшін 0,51 айлық төлем көрсеткіші ;

2) «Күл мен күлшлактар» табиғи монополия субъектілері үшін қалдықтардың 1 тоннасын орналастыру үшін 0,66 айлық төлем көрсеткіші.

2. Ақмола облыстық мәслихатының 2008 жылғы 5 наурыздағы № 4С-5-10 «2008 жылға Ақмола облысы бойынша қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақы ставкаларын бекіту туралы» (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 3243 тіркелген, «Арқа ажары» газетінде 2008 жылдың 12 сәуірінде, «Ақмолинская правда» газетінде 2008 жылдың 12 сәуірінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім 2009 жылдың 1 қаңтарынан бастап қалыптасқан құқықтық қатынастарға тарайды .

4. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ақмола облыстық мәслихаты
сессиясының төрағасы

Ақмола облыстық мәслихаты
Ж. Ерғалиев

А қ м о л а о б л ы с т ы қ
мәслихатының хатшысы Ө. Мұсабаев
КЕЛІСІЛДІ

А қ м о л а о б л ы с ы б о й ы н ш а
Салық комитетінің бастығы Ж.С. Нүсіпов

А қ м о л а о б л ы с ы т а б и ғ и
ресурстар және табиғатты
п а й д а л а н у д ы р е т т е у
басқармасының бастығы Ә.М. Сағитов

А қ м о л а о б л ы с ы э к о н о м и к а
және бюджеттік жоспарлау
басқармасының бастығы М.Ш. Тақамбаев